  - Себебі электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Тоңазытқышты ешқашан қорек сымынан тартып ағытпаңыз. Өрқашан ашасынан мықтап ұстап, розеткадан тура тартып ағытыңыз.
  - Қорек сымына зақым келсе, қысқа тұйықталу, өрт шығуы және/не электр тогы соғуы мүмкін.
- Тоңазытқыш қасында аэрозольдарды қолданбаңыз.
  - Тоңазытқыштың қасында аэрозоль қолданса, жарылыс немесе өрт шығуы мүмкін.
- Бұл құрылғыны қыздырғыштың немесе тұтанғыш материалдың қасына орнатпаңыз.
- Бұл құрылғыны газ жылыстап шығуы мүмкін жерге орнатпаңыз.
  - Себебі электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Бұл тоңазытқышты қолданар алдында, осы нұсқаулықтағы нұсқауларға сай орналастырып, дұрыс жерге орнату керек.
- Қуат ашасын розеткаға сымын төмен салбыратып дұрыс жалғау керек.
  - Қуат ашасының түп жағын жоғары қаратып жалғасаңыз, қуат сымы қиылып, өрт шығуы немесе электр тогы соғуы мүмкін.



- Тоңазытқыштың артқы жағының қуат ашасын жаншып немесе бүлдіріп тастамағанын тексеріңіз.
- Орам материалдарын балалардан алыс ұстаңыз.
  - Бала орам материалдарын басына киіп алса, тұншығып мерт болуы мүмкін.
- Бұл құрылғыны ылғалды, майлы немесе шаңды жерге, күн сәулесі тура түсетін немесе сулы (жаңбыр тамшылары) жерге орнатпаңыз.
  - Электр бөлшектерінің қаптамасына нұқсан келсе, электр қатері пайда болуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Тоңазытқышқа шаң немесе су кірсе, ашасын суырып алып, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
  - Әйтпесе өрт шығу қаупі бар.
- Құрылғының үстіне шықпаңыз немесе зат қоймаңыз (мысалы, кір, жанып тұрған шамдар, тұтатылған шылым, ыдыстар, химикаттар, металл заттар т.с.с.).
  - Себебі электр қатері, өрт немесе құрылғыға байланысты ақау немесе жарақат алу қаупі пайда болуы мүмкін.
- Құрылғыны алғаш электр көзіне қосар алдында, барлық қорғауыш пластик таспаларын алу керек.
- Есікті реттеуге арналған серіппелі шығырықпен немесе су түтігінің қапсырмасымен балалар ойнамау үшін, оларды байқау керек.
  - Бала есікті реттеуге арналған серіппелі шығырықты немесе су түтігінің қапсырмасын жұтып қойса, тұншығып, мерт болатын қауіп бар. Есікті реттеуге арналған серіппелі шығырықтарды немесе су түтігінің қапсырмаларын баланың бойы жетпейтін жерде сақтаңыз.

## Қауіпсіздік туралы ақпарат

- Тоңазытқышты қауіпсіз түрде жерге қосу керек.
  - Құрылғының кез келген бөлігін тексеруге немесе жөндеуге кіріспес бұрын, тоңазытқыштың қауіпсіз түрде жерге тұйықталғанына көз жеткізіңіз. Жылыстап шығатын электр қуаты, электр тоғына қатты соғылуға әкеледі.
- Газ түтіктерін, телефон сымдарын немесе басқа да ықтимал жарқыл тартқыштарды жерге тұйықтау мақсатында қолданбаңыз.
  - Тоңазытқышты міндетті түрде тоңазытқыштан жылыстап шыққан электр тоғына соғылып қалмау немесе өрт қатерін болдырмау үшін жерге қосу керек.
  - Себебі электр қатері, өрт, жарылыс немесе құрылғыға байланысты ақау пайда болуы мүмкін.
- Ашаны розеткаға мықтап сұғыңыз. Зақым келген қуат ашасын, қорек сымын немесе қабырғадағы босап қалған розетканы пайдаланбаңыз.
  - Себебі электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Тоңазытқыштағы сақтандырғышты білікті техник немесе қызмет көрсету компаниясы ауыстыруға тиіс.
  - Бұлай істемеген жағдайда, электр қатері пайда болуы немесе адам жарақат алуы мүмкін.

## Орнатуға қатысты ескертулер

### АБАЙЛАҢЫЗ

- Құрылғының айналасына жеткілікті орын қалдырыңыз және оны тегіс жерге орнатыңыз.
  - Тоңазытқыштың деңгейі дұрыс болмаса, салқындату тиімділігі мен ұзақтығына әсер етуі мүмкін.
- Құрылғыны орнатып, іске қосқаннан кейін тағам салар алдында 2-3 сағат күтіңіз.
- Тоңазытқышты міндетті түрде білікті техник маман немесе сервис компаниясының орнатуын қатаң түрде ұсынамыз.
  - Бұлай істемеген кезде, электр қатері, өрт, жарылыс, құрылғыға байланысты ақау немесе жарақат алу қаупі пайда болуы мүмкін.

## Пайдалануға қатысты қатаң ескертулер

### ЕСКЕРТУ

- Қуат ашасын су қолыңызбен розеткаға сұқпаңыз.
  - Себебі электр қатері орын алуы мүмкін.
- Құрылғының үстіне зат қоймаңыз.
  - Есікті ашқанда немесе жапқанда, заттар құлап кетіп, адам жарақаттануы немесе және/не мүлікке зиян келуі мүмкін.
- Қолдарыңызды, аяқтарыңызды немесе темір заттарды (мысалы, тіс шұқығыш т.с.с.) тоңазытқыштың астыңғы немесе артқы жақтарына салмаңыз.
  - Себебі электр қатері орын алуы немесе жарақат алуыңыз мүмкін.

## Қауіпсіздік туралы ақпарат

- Кез келген өткір қырлар жарақат алуға себеп болуы мүмкін.
- Мұздатқыш бөліктің ішкі қабырғасын немесе мұздатқыш бөліктің ішінде тұрған заттарды су қолмен ұстамаңыз.
  - Теріні қарып кетуі мүмкін.
- Су құйылған сауытты тоңазытқыштың үстіне қоймаңыз.
  - Төгіліп қалса, өрт шығуы немесе электр қатері пайда болуы мүмкін.
- Тоңазытқыштың ішіне буланғыш немесе тұтанғыш нәрселерді немесе заттарды (бензол, сұйылтқыш, пропан газы, спирт, эфир, СГ және тағы басқа осы сияқты заттарды) сақтамаңыз.
  - Бұл тағам сақтауға ғана арналған тоңазытқыш.
  - Себебі өрт немесе жарылыс шығуы мүмкін.
- Балаларды құрылғымен ойнамас үшін қадағалап отыру керек.
  - Саусақтарыңызды "қыстыратын аумақтардан" алыс ұстаңыз. Есіктер мен корпусының арасына қажетіне орай шамалы орын қалдырылған. Балалар жақын жерде болса, есіктерді байқап ашыңыз.
- Өзіңіздің немесе балалардың саусақтарын есіктердің арасына қыстырмаңыз.
  - Саусақтарыңызды есіктің сол және оң жақтарынан алыс ұстаңыз. Саусақтарыңыз есіктердің арасында тұрса, есіктерді байқап ашыңыз.
- Балаларға есікке немесе есіктің сауыттарына тартылып тұруға рұқсат бермеңіз. Ауыр жарақат алуы мүмкін.
- Балаларға тоңазытқыштың ішіне кіруге рұқсат бермеңіз. Қамалып қалуы мүмкін.

- Қолыңызды құрылғының астына сұқпаңыз.
  - Өткір қырларына жарақаттанып қалуыңыз мүмкін.
- Фармацевтикалық өнімдерді, ғылыми материалдарды не температураға сезімтал заттарды тоңазытқышта сақтамаңыз.
  - Температурасын қатаң бақылап отыруды қажет ететін өнімдерді тоңазытқышта сақтамаңыз.
- Егер фармацевтикалық заттың немесе түтіннің иісін сезсеңіз, қуат ашасын дереу ағытып, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Тоңазытқышқа шаң немесе су кірсе, ашасын суырып алыңыз да, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
  - Әйтпесе өрт шығу қаупі бар.
- Балаларға тартпаны басып кетуге рұқсат бермеңіз.
  - Тартпа сынып, балалар тайып құлап кетуі мүмкін.
- Тоңазытқыштың қасында болмаған кезде есігін ашық қалдырмаңыз және балаларға тоңазытқыштың ішіне кіруге жол бермеңіз.
- Сәбилер мен балалардың тартпаға кіруіне жол бермеңіз.
  - Қамалып қалып, тұншығу немесе жарақат алуға байланысты мерт болу қаупі бар.
- Тоңазытқышқа шамадан тыс көп тағам салмаңыз.
  - Есікті ашқан кезде құлап кетіп адам жарақаттанып қалуы немесе мүлікке зақым келуі мүмкін.
- Құрылғының бетіне құрт-құмырысқа жойғыш тәрізді ұшқыш спрейді шашпаңыз.
  - Адамдарға зиянды болумен қатар, электр тогы соғуы, өрт қатерін тудыруы немесе құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.

## Қауіпсіздік туралы ақпарат

- Су үлестіргіш тесікке, мұз науасына және мұз жасағыштың себетіне ешқашан саусақтарыңызды немесе басқа заттарды салмаңыз.
  - Адам жарақат алуы немесе мүлікке нұқсан келуі мүмкін.
- Тұтанғыш спрей, тұтанғыш заттар, құрғақ мұз, дәрі-дәрмек немесе химикат тәрізді температураға сезімтал заттарды құрылғының қасында пайдаланбаңыз немесе ішіне қоймаңыз.
- Тоңазытқыштың ішін құрғату үшін шаш кептіргішті қолданбаңыз. Тоңазытқыштың ішіне жағымсыз иісті кетіру үшін жанып тұрған шамды қоймаңыз.
  - Себебі электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Су сауытын, мұз науасын және мұз текшелері науасын ауыз суымен ғана (минералды немесе тазартылған сумен) толтырыңыз.
  - Сауытқа шай, сок немесе энергетикалық сусын құймаңыз, себебі мұздатқышқа зақым келуі мүмкін.
- Құрылғының үстіне шықпаңыз немесе зат қоймаңыз (мысалы, кір, жанып тұрған шамдар, тұтатылған шылым, ыдыстар, химикаттар, металл заттар т.с.с.). Себебі электр қатері, өрт немесе құрылғыға байланысты ақау немесе жарақат алу қаупі пайда болуы мүмкін. Су құйылған сауытты құрылғының үстіне қоймаңыз.
  - Төгіліп қалса, өрт шығуы немесе электр қатері пайда болуы мүмкін.
- Ультракүлгін LED шамына ешқашан ұзақ уақыт тура қарамаңыз.
  - Себебі ультракүлгін сәулелердің әсерінен көзіңіз талығуы мүмкін.

- Сөрени төңкеріп қоймаңыз. Сөренің тірегіші жұмыс істей алмайды.
  - Шыны сөре құлап кетіп, адам жарақат алуы мүмкін.
- Саусақтарыңызды "қыстыратын аумақтардан" алыс ұстаңыз. Есіктер мен корпустың арасына қажетіне орай шамалы орын қалдырылған. Балалар жақын жерде болса, есіктерді байқап ашыңыз.
- Газ жылыстап шыққанын байқасаңыз, ашық от көзінің немесе басқа да газды тұтандыруы мүмкін заттардың жоқ екенін тексеріңіз де, құрылғы тұрған бөлмені бірнеше минут желдетіңіз.
  - Құрылғыға немесе қуат сымына қол тигізбеңіз.
  - Желдеткішті қолданбаңыз.
  - Жарқыл пайда болып, жарылысқа немесе өртке ұласуы мүмкін.
- Бөтелкелерді құлап қалмас үшін бір-біріне өте жақын орналастырып қою керек.
- Бұл тек үйде тағам сақтауға арналған құрылғы.
- Су үлестіргіш тесікке, мұз науасына және мұз жасағыштың себетіне ешқашан саусақтарыңызды немесе басқа заттарды салмаңыз.
  - Адам жарақат алуы немесе мүлікке нұқсан келуі мүмкін.
- Құрылғыны өзіңіз жөндеуге, бөлшектеуге немесе өзгертуге әрекет етпеңіз.
- Стандартты сақтандырғыштан басқа сақтандырғышты (мысалы, мыс, темір сым т.б.) пайдаланбаңыз.

## Қауіпсіздік туралы ақпарат

---

- Тоңазытқышты жөндеу немесе қайта орнату қажет болса, жақын жердегі сервис орталығына хабарласыңыз.
  - Бұлай істемеген кезде, электр қатері, өрт, құрылғыға байланысты ақау немесе жарақат алу қаупі пайда болуы мүмкін.
- Тоңазытқыштан тұтанған иіс немесе түтін шыққаны байқалса, дереу ток көзінен ағытыңыз да, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
  - Бұлай істемесеңіз, электр қатері пайда болуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Тоңазытқыштың ішкі шамдарын ауыстырар алдында ашаны розеткадан суырыңыз.
  - Себебі, электр тоғына түсу қатері бар.
- LED емес шамды ауыстыру қиынға соқса, Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Ашаны розеткаға мықтап сұғыңыз.
- Зақым келген ашаны, қорек сымын немесе босап қалған розетканы пайдаланбаңыз.
  - Себебі электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.



## Пайдалану кезіндегі сақтық шаралар

### АБАЙЛАҢЫЗ

- Жібітілген тағамды қайта мұздатпаңыз.
  - Мұздатылған және жібітілген тағамдарда жаңа тағамға қарағанда зиянды бактериялар тез көбейеді.
  - Екінші рет жібіткенде бұдан да көп жасушалар бөлініп, ылғал сыртқы шығып, тағам құрылымының біртұтастығын бұзады.
- Етті бөлме температурасында жібітпеңіз.
  - Шикі тағамның дұрыс қолданылуы - қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тікелей әсер етеді.
- Мұздатқыш бөлікке шыны шөлмектерді немесе газдалған сусындарды қоймаңыз.
  - Сауыт мұздап, жарылып кетіп, адам жарақат алуы мүмкін.
- Тоңазытқыштағы мұз жасағышты ғана пайдаланыңыз.
- Үйден ұзақ уақытқа кетіп бара жатсаңыз (мысалы, демалысқа) және су немесе мұз диспенсерлерін пайдаланбайтын болсаңыз, судың кранын жабыңыз.
  - Себебі, су ағуы мүмкін.
- Тоңазытқышты ұзақ уақыт (3 апта не бұдан көп) пайдаланбайтын болсаңыз, тоңазытқышты соның ішінде, мұз себетін босатып, ток көзінен ағытып, судың кранын жауып, ішкі қабырғалардың беттеріндегі ылғалды сүртіп, иіс және зең пайда болмас үшін есікті ашық қалдырыңыз.

## Қауіпсіздік туралы ақпарат

- Құрылғының барынша жақсы жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін:
  - Тағамдарды тоңазытқыштың артқы жағындағы желдеткіш саңылауларға тым жақын қоймаңыз, себебі тоңазытқыш бөліктің ішіндегі ауаның еркін айналуына кедергі жасайды.
  - Тағамды тоңазытқышқа қояр алдында, дұрыс ораңыз немесе ауа кірмейтін сауыттарға салыңыз.
  - Мұздатылған тағамдардың ең ұзақ сақтау уақыты мен жарамдылық мерзіміне назар аударыңыз.
  - Үш аптадан аз уақытқа кететін кезде тоңазытқышты тоқтан ажыратудың қажеті жоқ. Дегенмен, үш аптадан ұзақ уақытқа кетіп бара жатсаңыз, барлық тағамдарды және мұз себетіндегі мұзды алып, тоңазытқышты ток көзінен ағытып, судың кранын жауып, ішкі қабырғалардың беттеріндегі ылғалды сүртіп, иіс және зең пайда болмас үшін есікті ашық қалдырыңыз.
- Қызмет кепілдігі және өзгерту.
  - Бұл дайын құрылғыға 3-ші тарап енгізген кез келген өзгеріске Samsung тарапынан кепілді қызмет көрсетілмейді, сондай-ақ, Samsung 3-ші тарап енгізген өзгертуден туындаған, қауіпсіздікке қайшы жағдайлар үшін жауапкершілік көтермейді.
- Тоңазытқыштың ішіндегі ауа саңылауларын бітемеңіз.
  - Ауа саңылаулары бітелсе, әсіресе пластик қалтамен бітелсе, тоңазытқыш қатты салқындап кетуі мүмкін. Салқындату циклы өте ұзаққа созылса, су сүзгісі сынып, су ағып кетуі мүмкін.
- Тоңазытқышпен бірге жеткізілген мұз жасағышты ғана пайдаланыңыз.

- Ішіндегі артық ылғалды сүртіңіз де, есіктерін ашық қалдырыңыз.
  - Әйтпесе, жағымсыз иіс, зең пайда болуы мүмкін.
- Тоңазытқыш электр желісінен ағытылып қалса, қайта қосар алдында кемінде бес минут күтіңіз.
- Тоңазытқыш су болып қалса, ашасын розеткадан суырып, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Шыны беттің ешқайсысын соқпаңыз немесе оған шамадан тыс көп күш салмаңыз.
  - Сынған шыны адамға зақым және/немесе мүлікке зақым келтіруі мүмкін.
- Су сауыты мен мұз текшесінің науаларын ауыз суымен ғана толтырыңыз (кран суы, минералды су немесе тазартылған су).
  - Сауытқа шай немесе спорт сусындарын құймаңыз. Себебі тоңазытқышқа зақым келтіруі мүмкін.
- Саусақтарыңыз қыстырылып қалмау үшін абай болыңыз.
- Құрылғыны су басып кетсе, дереу электр желісінен ағытыңыз да, жақындағы қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
  - Өрт шығуы немесе электр қатері орын алуы мүмкін.
- Тоңазытқыштың есігінде көкөніс майын сақтамаңыз. Май қатып, пайдалануды қиындатуы мүмкін. Сонымен қатар, ашық сауыттан май ағып, аққан май есіктің сауытын жаруы мүмкін. Май сауытын ашқаннан кейін сауытты шкаф немесе буфет тәрізді салқын және көлеңкелі жерге сақтаған дұрыс.
  - Көкөніс майларының түрі: зәйтүн майы, жүгері майы, жүзім дәнінің майы және т.б.



# Қауіпсіздік туралы ақпарат

## Тазарту кезіндегі сақтық шаралары

### АБАЙЛАҢЫЗ

- Тоңазытқыштың ішкі немесе сыртқы бетіне су шашпаңыз.
  - Электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Тоңазытқыштың ішін құрғату үшін шаш кептіргішті қолданбаңыз.
- Тоңазытқыштың ішіндегі жағымсыз иісті кетіру үшін жанып тұрған шам қоймаңыз.
  - Себебі электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Тазалағыш құралдарды бейнебетке тура шашпаңыз.
  - Бейнебетке басылған қаріптер түсіп қалуы мүмкін.
- Құрылғыға су тәрізді бөгде зат кіріп кетсе, ашасын розеткадан суырып, ең жақын қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
  - Бұлай істемесеңіз, электр қатері немесе өрт пайда болуы мүмкін.
- Қуат ашасының істікшелеріндегі бөгде затты немесе шаңды тазалау үшін таза, құрғақ шүберекті пайдаланыңыз. Ашаны тазалаған кезде су немесе дымқыл шүберекті қолданбаңыз.
  - Себебі өрт шығуы немесе электр тогы соғуы мүмкін.
- Құрылғыға тура су шашып тазалауға болмайды.
- Бензол, сұйылтқыш немесе Сlorox, хлоридті пайдаланып тазаламаңыз.
  - Себебі бұндай заттар құрылғының беткі қаптамасын бүлдіруі және өрт шығаруы мүмкін.
- Үлестіргіш тесікке ешқашан саусақтарыңызды немесе басқа заттарды сұқпаңыз.
  - Адам жарақат алуы немесе мүлікке нұқсан келуі мүмкін.



- Тазалау немесе күтім көрсету жұмыстарын іске асырмай тұрып, құрылғыны розеткадан ағытыңыз.
  - Бұлай істемесеңіз, электр қатері немесе өрт пайда болуы мүмкін.
- Тоңазытқышты тазалау үшін таза жөкені немесе жұмсақ матаны және жұмсақ жуғыш зат салынған жылы суды пайдаланыңыз.
- Терезе спрейлері, жеміргіш, тұтанғыш сұйықтар, тұз қышқылы, тазалағыш балауыздар, концентрацияланған сұйықтықтар, ағартқыштар немесе мұнай өнімдері бар жуғыш заттарды сыртқы беттерді (есіктер және корпус), пластик бөліктерді, есікті және ішкі қаптауларды және тығыздағыштарды тазалау үшін пайдаланбаңыз.
  - Бұл материалға сызат түсіруі немесе нұқсан келтіруі мүмкін.
- Суық тұрған шыны сөрелерді немесе қақпақтарды жылы сумен тазаламаңыз. Кенет температура өзгерісінің әсеріне ұшыраса немесе соғып не түсіріп алса, шыны сөрелер және қақпақтар сынып қалуы мүмкін.



# Қауіпсіздік туралы ақпарат

## Құрылғыны қоқысқа тастауға қатысты қатаң ескертулер

### ЕСКЕРТУ

- Бұл құрылғының орам материалдарын қоршаған ортаға зиян келтірмейтін етіп тастау керек.
- Құрылғыны қоқысқа тастар алдында, артқы түтіктерінің ешбіріне зақым келмегеніне көз жеткізіңіз.
- Салқындатқыш ретінде R-600a немесе R-134a пайдаланылған. Тоңазытқышыңызда қандай тоңазытқыш сұйық қолданылғанын, құрылғының артындағы компрессордың жапсырмасынан немесе құрылғының ішіндегі техникалық ақпарат тақтайшасынан қараңыз. Бұл тоңазытқышта тұтанғыш газ (R-600a салқындатқышы) бар болса, бұл құрылғыны қауіпсіз етіп тастау үшін жергілікті уәкілетті мекемеге хабарласыңыз.
- Бұл тоңазытқышты тастаған кезде, кішкене балалар немесе жануарлар қамалып қалмас үшін тоңазытқыштың есігін/ есігінің тығыздағышын және есігінің бекітпесін ағытып алыңыз. Балаларды құрылғымен ойнамас үшін қадағалап отыру керек. Бала ішіне қамалып қалса, жарақат алуы немесе тұншығып мерт болуы мүмкін.
  - Бала қамалып қалса, жарақат алуы және тұншығып мерт болуы мүмкін.
- Оқшаулау үшін циклопентан қолданылған. Оқшаулау материалындағы газды тастау үшін арнайы қоқысқа тастау шарасын орындау керек. Осы құрылғыны қоршаған ортаға залал тигізбейтін етіп тастау үшін жергілікті уәкілетті мекемеге хабарласыңыз.



- Орам материалдарының барлығын балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз, себебі орам материалдары балалар үшін қауіпті болуы мүмкін.
  - Бала басына қалтаны киіп алса, тұншығып қалуы мүмкін.

## Құрылғыны дұрыс пайдалануға арналған қосымша кеңес


- Ток сөніп қалған жағдайда, жергілікті электрмен жабдықтау компаниясына қоңырау шалып, электр тогының қанша уақыт болмайтынын сұраңыз.
  - Ток бір немесе екі сағат ішінде қалпына келсе, тоңазытқыш температурасына әсер етпейді. Дегенмен, ток сөніп тұрған кезде тоңазытқыштың есігін барынша аз ашу керек.
  - Ток 24 сағаттан көп сөнсе, мұздатылған тағамдардың барлығын алыңыз да, тастаңыз.
- Құрылғыны температурасы бұл құрылғы жұмыс істейтін ортаның температурасынан үнемі төмен болатын жерге ұзақ уақыт қойсаңыз, тоңазытқыш бір қалыпты (мұздатылған тағам еріп кетуі немесе мұздатылған тағам бөлігіндегі температура тым төмендеп кетуі) жұмыс істемеуі мүмкін.
- Тағамдардың кей түрлерін тоңазытып сақтаған кезде, тағам сапасына қарай дұрыс сақталмауы мүмкін.
- Құрылғыңызға мұз қатпайды, басқаша айтқанда, құрылғының мұзын қолдан жібітудің қажеті жоқ. Бұл әрекет автоматты түрде орындалады.

- Жібіту кезінде температураның көтерілуі ISO талаптарына сай келеді. Құрылғыны жібіту барысында тоңазытқыш ішіндегі мұздатылған тағам температурасының жоғарылап кетуін қаламасаңыз, мұздатылған тағамды бірнеше қабат газетке ораңыз.
- Мұздатылған тағамды әбден жібітіп болғаннан кейін қайта мұздатпаңыз.
- Екі жұлдыз таңбасы салынған бөлімнің (бөлімдердің) немесе екі жұлдыз белгісі бар (※※) бөліктің (бөліктердің) температурасы, басқа мұздатқыш бөлікке (бөліктерге) қарағанда сәл жоғарырақ.  
Екі жұлдызы бар бөлім (бөлімдер) немесе бөлік (бөліктер) құрылғыны жеткізген кездегі нұсқауларға және/немесе жағдайларға сай келеді.





## WEEE туралы нұсқаулар



**Өнімді дұрыс тастау (Қолданыс мерзімі аяқталған электр және электроника құрылғысы)**

**(Жеке қоқысқа тастау жүйесін пайдаланатын елдерге қатысты)**

Өнімдегі, оның керек-жарақтарындағы немесе ілеспе кітапшасындағы белгі, осы өнім мен оның электроникалық керек-жарақтарын (мысалы, зарядтағыш құралы, құлаққабы, USB сымы), қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамау керек дегенді білдіреді. Қалдық дұрыс тасталмаған жағдайда қоршаған орта немесе адамдардың денсаулығына келетін зиянның алдын алуға және материалдық ресурстарды қайтадан қажетке жаратуға өз үлесіңізді қосу үшін бұндай заттарды басқа қоқыс түрлерінен бөлектеп, қалдық өнімдерді қайта өңдеуден өткізетін жерге апарып тапсырыңыз.

Тұрмыстық құрылғыны қолданушылар, осы заттарды қоршаған ортаға залалсыз түрде қайта өңдеуден өткізу үшін осы құрылғыны қайда апарып тапсыру, қалай тапсыру туралы егжей-тегжейлі ақпаратты, осы өнімді сатып алған бөлшек сауда орталығына немесе жергілікті мекемеге хабарласып алуына болады.

Коммерциялық мақсатта қолданушылар, өз жабдықтаушыларына хабарласып, сатып алу келісім-шартының талаптарымен танысуы керек. Осы өнім мен оның электроникалық керек-жарақтарын басқа да коммерциялық өнімдердің қалдықтарымен араластырып тастауға болмайды.

Samsung қоршаған орта алдындағы міндеттемелерін және өнімге қатысты нақты стандарттарды орындау бойынша міндеттемелерін, мысалы, REACH үшін мына торапқа барыңыз: [samsung.com/uk/aboutsamsung/samsungelectronics/corporatecitizenship/data\\_corner.html](https://samsung.com/uk/aboutsamsung/samsungelectronics/corporatecitizenship/data_corner.html)

(Еуропа елдерінде сатылатын өнімдерге ғана қатысты)





# Тоңазытқыш параметрлерін орнату

## Тоңазытқышты орнатуға дайындық

Samsung тоңазытқышын сатып алғаныңызбен құттықтаймыз.

Осы құрылғы ұсынатын соңғы заманғы функциялар мен мүмкіндіктерді рахаттана қолданасыз деп үміттенеміз.

- Бұл тоңазытқышты қолданар алдында, нұсқауларға сай орнатып, дұрыс жерге орналастыру керек.
- Құрылғыны тек осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген мақсатта ғана қолданыңыз.
- Кез келген жөндеу жұмысын тек білікті маман орындауға тиіс екенін қатаң түрде ұсынамыз.
- Осы құрылғының орам материалдарын қоршаған ортаға зиян келтірмейтін етіп тастау керек.

## Тоңазытқышты орнатуға ең қолайлы жерді таңдау

- Күн сәулесі тура түспейтін жерді таңдаңыз.
- Едені тегіс (не барынша тегіс дерлік) жерді таңдаңыз.
- Тоңазытқыштың есіктерін оңай ашуға болатын кеңірек жерді таңдау керек.
- Тоңазытқышты жеткілікті орын шығарып, тегіс жерге орнату керек.
  - Егер тоңазытқыш деңгейі дұрыс орнатылмаса, ішкі салқындату жүйесі дұрыс жұмыс істемей мүмкін.
  - Пайдалану үшін қажетті жалпы орын. Төмендегі сызба мен өлшемдерді қараңыз.

## Тиімді температура ауқымы


Тоңазытқыш өз класы үшін көрсетілген температура ауқымында қалыпты жұмыс істеуге сәйкес жасалған.

Санаты	Таңба	Қоршаған орта температурасының ауқымы (°C)	
		IEC 62552 (ISO 15502)	ISO 8561
Көбейтілген температура	SN	+10 бастап +32 дейін	+10 бастап +32 дейін
Температура	N	+16 бастап +32 дейін	+16 бастап +32 дейін
Субтропикалық	ST	+16 бастап +38 дейін	+18 бастап +38 дейін
Тропикалық	T	+16 бастап +43 дейін	+18 бастап +43 дейін

## ЕСКЕРТПЕ

Тоңазытқыштың салқындату қарқыны мен пайдаланатын қуат мөлшеріне қоршаған ортаның температурасы, есікті ашу жиілігі және тоңазытқыштың орналасқан орны әсер етуі мүмкін. Температура параметрлерін тиісінше реттеуді ұсынамыз.






#### ЕСКЕРТПЕ

- Ауа айналу үшін оң, сол жақтарынан, артқы жағы мен үстіңгі жағынан жеткілікті орын қалдырыңыз. Бұл пайдаланылатын тоқ қуатын азайтуға және қуат есепшотын төмендетуге көмектеседі.
- Тоңазытқышты температурасы 10 °C градустан төмен түсетін жерге орнатпаңыз.
- Жөндеу немесе күтім көрсетуге қатысты жұмыстарды жүзеге асыру кезінде құрылғыны оңай жылжытуға болатын етіп орнатыңыз.

	RB41/38	RB36/33
<b>a</b>	155°	100°
<b>A</b>	900 мм	1139 мм
<b>B</b>	1330 мм	688 мм



#### ЕСКЕРТПЕ


Әр өлшем дизайн өлшеміне сай келеді, сондықтан өлшеу тәсіліне қарай әр түрлі болуы мүмкін.

#### АБАЙЛАҢЫЗ

- Орнатқанда, тоңазытқышты артқы жағынан жөндегенде немесе тазалағанда, құрылғыны алға қарай тура тартып шығарып, жұмысты аяқтағаннан кейін тура итеріп орнына қойыңыз. Сонымен қатар, еденнің тағам толып тұрған тоңазытқыштың салмағын көтере алатынына көз жеткізіңіз. Өйтпесе, еденге зақым келуі мүмкін.
- Қуат сымның артық қалған бөлігін, еденге тиіп, тоңазытқышты жылжытқан кезде дөңгелектері басып жаншып кетпес үшін, тоңазытқыштың артқы жағына жинап, байлап қойыңыз.




## Тоңазытқыш параметрлерін орнату



### ЕСКЕРТПЕ

Тығыздағыштың қағазын алып, содан кейін тығыздағышты (сұры текше) тоңазытқыштың барынша жақсы жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін артқы жағына орнатыңыз. Тоңазытқышты орнатқан кезде тығыздағыштың жоғарыдағы суретте көрсетілген тәрізді орнатылуын қамтамасыз етіңіз. Бұл тоңазытқыштың жұмысын жақсарту үшін қажет. Егер тоңазытқышты ас үй қаптамасының ішіне орнатсаңыз, есікті қаптамаға беттестіріп орнату үшін тығыздағышты алу керек.

### Еден




Осы тоңазытқышты дұрыс орнату үшін тегіс, қатты материалдан жасалған және биіктігі еденнің басқа бөлігінің биіктігімен бірдей жерге орнату керек. Осы беттің жүк көтергіштігі ішінде зат толып тұрған тоңазытқышты көтере алатындай болуы керек. Еденнің беткі қаптамасын қорғау үшін картонның үлкен бөлігін кесіп алып, тоңазытқыштың астына салыңыз.

### ЕСКЕРТПЕ

Тоңазытқышты тарту немесе итеру әрекеттері еденге зақым келтіруі мүмкін. Тоңазытқышты орнатып болғаннан кейін жылжитсаңыз еденге зақым келуі мүмкін.



## Тоңазытқыштың деңгейін реттеу



Егер құрылғының алдыңғы жағы артқы жағынан шамалы биігірек болса, есікті ашып-жабу оңай болады.

- Тоңазытқышты орнатқан кезде, мықты орнатылуы үшін екі аяғының да еденге тиіп тұрғанына көз жеткізіңіз.

**1-ші жағдай)** Құрылғы солға қарай қисайып тұр.

Сол жақ реттелмелі тіректі құрылғы дұрыс тіктелгенше көрсеткі бағытымен бұраңыз.

**2-ші жағдай)** Құрылғы оңға қарай қисайып тұр. Оң жақ реттелмелі тіректі құрылғы дұрыс тіктелгенше көрсеткі бағытымен бұраңыз.

Жаңа тоңазытқышыңызды орнына орнатып болғаннан кейін, құрылғының параметрлерін орнатып, барлық мүмкіндіктері мен функцияларын рахаттана қолдана беруіңізге болады.


Келесі қадамдарды орындап, тоңазытқышты толық іске қосуға дайын етуге болады.

Бұндай жағдай орын алмаса, әуелі электр қуатының бар-жоғын тексеріңіз немесе осы пайдаланушы нұсқаулығының артындағы ақаулықты түзету тарауын қараңыз.

Басқа сұрағыңыз бар болса, Samsung Electronics қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



## Тоңазытқыш параметрлерін орнату



1. Тоңазытқышты қабырға мен тоңазытқыш арасында жеткілікті орын қалатын жерге орнатыңыз. Осы нұсқаулықтағы орнату бойынша нұсқауларды қараңыз.
2. Тоңазытқышты пайдалану алдында сәре бұрышының қорғағыштарын төмендегі суретте көрсетілген тәрізді алыңыз. (Тасымалдау барысында тоңазытқыштың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін PE-көбігі пайдаланылған).
3. Тоңазытқышты тоққа қосқаннан кейін, есіктерді ашқан кезде ішкі шамның жанатынын тексеріңіз.
4. Температураны басқару тетігін ең суық температураға қойып, бір сағат күтіңіз. Мұздатқыш шамалы салқындап, қозғалтқыш біркелкі жұмыс істеуге тиіс.
5. Тоңазытқышты тоққа қосқаннан кейін қажетті температураға жеткенше бірнеше сағат кетеді.
6. Тоңазытқышта жеткілікті суық температура қалыптасқаннан кейін, оған тағамдарды және сусындарды салып сақтауыңызға болады.

### ЕСКЕРТПЕ


Тоңазытқышты тоққа қосқаннан кейін дыбыстық сигнал естіледі. Freezer (Мұздатқыш) немесе Fridge (Тоңазытқыш) түймесін басыңыз.




# Тоңазытқышты іске қосу

## Басқару панелін пайдалану

### A TYP1



### B TYP1



### ЕСКЕРТПЕ

- Басқару панеліндегі түймешікті басқан сайын қысқа дыбыстық сигнал естіледі.
- Ешбір түйме басылмаса, Есік сигналы индикаторларынан басқа дисплейлердегі LED шамдардың барлығы қуат мөлшерін барынша азайту үшін Сөндірулі қалпына қойылады. Бірақ Қарқынды мұздату, Қарқынды салқындату, Бекітпе және Демалыс функцияларының LED шамдары сәйкес функция жанған кезде жанып тұрады.

# Тоңазытқышты іске қосу

## 01 Тоңазытқыш / Демалыс (3 сек)

<b>Fridge</b> (Тоңазытқыш)	<p>Тоңазытқыштың температурасын реттегіңіз келсе, тиісті температураны таңдау үшін <b>Fridge (Тоңазытқыш)</b> түймесін басыңыз.</p> <p>Температураны 1 °C және 7 °C аралығында өзгертуге болады.</p> <p><b>Қарқынды салқындату</b></p> <p>Қарқынды салқындату функциясы желдеткішті ең үлкен жылдамдыққа қойып, салқындатуды тездетеді. Тоңазытқыш екі жарым сағат ең үлкен жылдамдықта жұмыс істеп тұрады да, содан кейін алдыңғы температураға қайтады.</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Қарқынды салқындату функциясын қосу үшін 1 °C температурасын таңдап, содан кейін <b>Fridge (Тоңазытқыш)</b> түймесін басып Қарқынды салқындату функциясын таңдаңыз. Тиісті индикатор (🌬️) жанады да, тоңазытқыш салқындату үдерісін жылдамдатады.</li><li>• Қарқынды салқындату функциясын сөндіру үшін <b>Fridge (Тоңазытқыш)</b> түймесін қайта басыңыз. Содан кейін тоңазытқыштың температурасы 7 °C градусқа қайтарылады.</li></ul> <p><b>⚠️ ЕСКЕРТПЕ</b></p> <p>Қарқынды салқындату функциясын қолданғанда, пайдаланылатын қуат мөлшері артады. Функцияны пайдаланғыңыз келмесе, сөндіріп, алдыңғы температураға қайтарыңыз.</p>
<b>Vacation</b> (Демалыс)	<p>Демалысқа немесе іс-сапарға бара жатсаңыз немесе тоңазытқышты ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, Демалыс режимін қолданыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Демалыс режимін қосу үшін <b>Fridge (Тоңазытқыш)</b> түймесін 3 секунд басыңыз. Демалыс Қосу индикаторы (🌙) қосылады да, тоңазытқыш температураларының дисплейі сөнеді. Тоңазытқыш температурасы 17 °C градусқа дейін басқарылады, бірақ мұздатқыш алдыңғы орнатылған қалпы қосұлы тұрады.</li><li>• Демалыс режимін сөндіру үшін қайта <b>Fridge (Тоңазытқыш)</b> түймесін 3 секунд басып ұстап тұрыңыз. Тоңазытқыш температурасы алдыңғы параметрге қайтарылады.</li></ul> <p><b>⚠️ ЕСКЕРТПЕ</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Демалыс режимін пайдалану алдында міндетті түрде тоңазытқыш бөліктегі тағамдарды алыңыз.</li><li>• Температураны реттесеңіз Демалыс режимі сөнеді.</li></ul>



## 02 Мұздатқыш / Салқын аумақ+ (3 сек)


<p><b>Freezer (Мұздатқыш)</b></p>	<p><b>Freezer (Мұздатқыш)</b> түймесін мұздатқыш температурасын орнату үшін пайдалануға болады.          Қол жетімді температуралар: -15 °С және -23 °С.</p> <p><b>📖 ЕСКЕРТПЕ</b>          Салқын аумақ режимінде температураны өзгерте алмайсыз.</p>
<p><b>Power Freeze (Қарқынды мұздату)</b></p>	<p>Қарқынды мұздату мұздату үдерісін тездету үшін желдеткіштің макс. жылдамдығын пайдаланады. Мұздатқыш 50 сағат ең жоғарғы жылдамдықпен жұмыс істеп тұрады да, содан кейін алдыңғы температураға қайтады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қарқынды мұздату функциясын қосу үшін -23 °С температурасын таңдап, содан кейін <b>Freezer (Мұздатқыш)</b> түймесін басып Қарқынды мұздату функциясын таңдаңыз.              Тиісті индикатор (❄️) жанады да, тоңазытқыш мұздату үдерісін жеделдетеді.</li> <li>• Қарқынды мұздату үрдісі аяқталғанда тиісті индикатор сөніп, мұздатқыш алдыңғы температура параметріне ауысады.</li> <li>• Қарқынды мұздату функциясын сөндіру үшін <b>Freezer (Мұздатқыш)</b> түймесін қайта басыңыз.              Мұздатқыш алдыңғы температура параметріне қайтады.</li> <li>• Көп мөлшердегі тағамды мұздату үшін, тағамды мұздатқышқа салу алдында Қарқынды мұздату функциясын кемінде 20 сағат қосыңыз.</li> </ul> <p><b>📖 ЕСКЕРТПЕ</b>          Қарқынды мұздату функциясын қолданғанда, пайдаланылатын қуат мөлшері артады. Функцияны пайдаланғыңыз келмесе, сөндіріңіз де, алдыңғы температураға қайтарыңыз.</p>
<p><b>Cool Select+ (Салқын аумақ+)</b></p>	<p><b>Cool Select+ (Салқын аумақ+)</b> түймесін 3 секунд басқан сайын жұмыс режимі мына ретпен қосылады:          Мұздату → Баппен мұздату (-5 °С) → Тоңазыту (-1 °С) → Салқын (2 °С)</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Баппен мұздату функциясы ет пен балықты ұзақ уақыт сақтауға көмектеседі.</li> <li>• Суды, балшырынды, жұмсақ сусындарды, т.с.с. суық күйде ұстауға болады.</li> </ul> <p><b>⚠️ АБАЙЛАҢЫЗ</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мұздатқыш режимінен Салқын аумақ+ режиміне ауыссаңыз, сақталған тағамның шырыны немесе сөлі ағуы мүмкін.</li> <li>• Ет немесе балық етін Салқын аумақ+ режимінде ұзақ уақыт сақтамаңыз. Температура сақталатын тағам үшін жарамсыз болғандықтан, тағам мұздауы немесе бұзылып кетуі мүмкін.</li> </ul>

# Тоңазытқышты іске қосу

## 03 Есік сигналы / Тұтқаның жарығы (3 сек)

<b>Door Alarm (Есік сигналы)</b>	Сигналды ескерту беретін етіп орнатуға болады. Есік 2 минуттан артық ашық қалса, ескерту естіледі де, ескерту индикаторы қатар жыпылықтайды. Сигналды <b>Door Alarm (Есік сигналы)</b> түймесін басып қосуға және сөндіруге болады.
<b>Handle Lighting (Тұтқаның жарығы)</b>	Есік сигналы түймесін 3 секунд басыңыз, содан кейін Тұтқаның жарығы функциясы іске қосылады. Тұтқаның жарығы функциясы іске қосылғаннан кейін тоңазытқыш есігінің астыңғы жағындағы жарық әрқашан қосулы тұрады. Есік сигналы түймесін қайта 3 секунд басыңыз, сонда Тұтқаның жарығы функциясы сөнеді, Жарық мұздатқыштың есігі ашылғанда ON (Қосулы) қалпына қойылады. (Тоңазытқыштың есігі ашылғанда немесе тоңазытқыш пен мұздатқыштың есіктері ҚАТАР ашылғанда Жарық OFF (Сөндірулі) қалпына қойылады.)




## 04 Бекітпе (3 сек)

<b>Lock (Бекітпе)</b>	Басқару панелінің бекітпесі функциясын қосу үшін осы түймені 3 секунд басыңыз. Басқару панелінің бекітпесі индикаторы (  ) жанып, барлық түймелер бұғатталады және сөнеді. (Бекітпе қосулы тұрғанда кез келген түймені бассаңыз, индикатор жыпылықтайды.) Басқару панелінің бекітпесі функциясын сөндіріп, барлық түймелерді қайта қосу үшін осы түймені 3 секунд басыңыз.
-----------------------	---

## Температураны ескерту

- Егер тоқ сөніп қалып, мұздатқыш бөлік тым жылып кетсе, дисплейде “-” белгісі жыпылықтайды. Мұздатқыш немесе Тоңазытқыш түймесі басылған кезде, мұздатқышта немесе тоңазытқышта орнаған “ең жылы температура” дисплейде 5 секунд жыпылықтайды. Содан кейін ағымдық температура көрсетіледі. Температураны ескерту функциясын сөндіру үшін Есік сигналы түймесін қайта басыңыз.
- Бұл ескерту келесі жағдайларда қосылуы мүмкін:
  - Құрылғы іске қосылған кезде.
  - Мұздатқыш бөлік тоқтың сөніп қалуына байланысты тым жылып кеткен.

## Мұздатқыштың сәресі (опция)



Көбірек орын болуы үшін, үстіңгі және ортаңғы суырмаларын алып, мұздатқыштың астыңғы жағындағы 'Мұздатқыш сәресін' орнына қойыңыз, себебі бұл жылу сақтау және механикалық параметрлеріне әсер етпейді.

Мұздатылған тағам сақталатын бөліктің сақтау сыйымдылығы, осы тартпалар алынып тұрғанда есептелген.

1. Сәреге жапсырылған таспаны алыңыз.
2. Сәрені құрастыру үшін үстіңгі және ортаңғы суырманы алып шығыңыз.

3. Мұздатқыштың сәресінің "Front (Алдыңғы)" таңбасын жоғары қаратып салыңыз. "Front (Алдыңғы)" таңбасын анықтау мүмкін болмаса, ең алдымен сәренің алға шығып тұрған бөлігін суретте көрсетілгендей салыңыз.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


- Сәрені төңкеріп немесе керісінше салмаңыз.
- Мұздатқыш сәресін пайдаланбайтын болсаңыз, оны кейін пайдалану үшін оны сенімді жерде сақтаңыз.

### 📖 ЕСКЕРТПЕ

Шынықтырылған шыны сәреге шыны сауыт қойсаңыз, сәре мен сауыттың арасындағы үйкеліске байланысты сәреге сызат түсуі мүмкін.

# Тоңазытқышты іске қосу

## Бөлшектері мен функциялары




Тоңазытқышты іске қосу

1. Шарап торы (опция)
2. Жылмалы сөре немесе БАС АСПАЗ ТАБАСЫНЫҢ сөресі (опция)
3. ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ ТАРТПАСЫ
4. БАС АСПАЗ ҚОРАБЫ (Опция)
5. Есіктің сауыты
6. МҰЗДАТҚЫШТЫҢ ТАРТПАСЫ


### ЕСКЕРТПЕ

Есік 10 минуттан артық ашық қалса, LED шамы сөнеді.




#### ЕСКЕРТПЕ

- Су сауыты және БАС АСПАЗ ҚОРАБЫ (1) тәрізді кейбір функциялар әр үлгіде әр түрлі болуы немесе кей үлгіде болмауы мүмкін.
- Жемістер немесе көкөністер БАС АСПАЗ ҚОРАБЫНДА мұздап қалады. (Опция)
- Көп мөлшердегі тағамды жылдам мұздату үшін тағам әсіресе өте жылдам мұздайтын ең астыңғы тартпаны (2) пайдаланыңыз.





#### АБАЙЛАҢЫЗ

- Жиылмалы сөреге салмақ салмау үшін абай болыңыз.
- Жиылмалы сөренің астынан зат алған кезде жиылмалы сөре құлап қалуы мүмкін.



## Тоңазытқышты іске қосу




### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Шарап торының артқы жағы шарап торының алдыңғы жағын алған кезде құлап қалуы мүмкін.
- Шарап торын міндетті түрде екі қолыңызбен ұстап алыңыз.
- Шарап торын алып жатқанда құлап қалса, шарап торының астыңғы жағында сақталып тұрған тағамдар да құлап қалуы мүмкін.

## Мұздатқыш бөліктің функциялары

### Есік панеліндегі мұздатылған тағам белгісі



Белгілердің үстіндегі көрсеткіштер тағамдарды сақтау үшін рұқсат етілген айларды көрсетеді. Мұздатылған тағам сатып алған кезде өндірілген күнін немесе жарамдылық мерзімін тексеріңіз.

#### Тағам мұздату

Жас, бұзылмаған тағамды ғана мұздатыңыз. Мұздатылуға тиіс тағамды әлдеқашан мұздатылған тағамнан алыс ұстаңыз. Тағамның дәмі кетіп немесе кеуіп кетпеу үшін ауа өткізбейтін сауыттарға салыңыз.

#### Тағамды дұрыс орау:

1. Тағамды орамға салыңыз.
2. Барлық ауаны сығып шығарыңыз.
3. Оралған жерін тұмшалап бітеңіз.
4. Орамға оралған күні мен ішіндегісін көрсететін жапсырма жапсырыңыз.



# Тоңазытқышты іске қосу

## Келесі бұйымдар тағам орауға жарамайды:

Орайтын қағаз, май өткізбейтін қағаз, целлофан, ескі қалталар мен пайдаланылған дүкен қалталары.

## Келесі бұйымдар тағам орауға жарамды:

Пластик қалта, полиэтилен таспа, алюминий жұқалтыр және мұздатқыш қалбырлар. Бұл бұйымдарды дилеріңізден салып алуыңызға болады.

## Келесі бұйымдарды оралған тағамдарды жабу үшін пайдалануға болады:

Резеңке байлам, пластик қыстырғыштар, бау, суыққа төзімді жабысқақ таспа немесе соған ұқсас заттар. Қалталар мен полиэтилен таспаны таспа бекіткішпен тұмшалауға болады.

## Мұздатылған тағамды сақтау уақыты

Сақтау уақыты тағамның түріне байланысты. Сақтау температурасы -18 °C:

- Жас тауық (бүтін тауық), жас ет (стейк, қуырылған ет) : 12 айға дейін
- Балық (майы аз балық, піскен балық), жас асшаян, моллюска, кальмар, 6 айға дейін
- Пицца, шұжық: 2 айға дейін

Сақтау уақытын FDA веб-сайтынан қараңыз (<http://www.fda.gov/>).

## ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер бұл уақытты сақтамасаңыз, тағамнан уланасыз.

## Қатты мұздатылған тағамды сатып алу және сақтау

Мұздатылған тағам сатып алған кезде келесіге назар аударыңыз:

- Орамына зақым келмегеніне көз жеткізіңіз.
- Жарамдылық мерзімін тексеріңіз.
- Супермаркеттегі мұздатқыштың температурасы -18 °C немесе бұдан төмен болуы мүмкін. Егер бұндай болмаса, мұздатылған тағамның сақтау уақыты қысқарады.
- Қатты мұздатылған тағамды ең соңында сатып алыңыз. Тағамды газетке орап немесе салқындатқыш қалтаға салып үйге апарыңыз.
- Үйге келгеннен кейін қатты мұздатылған тағамды дереу мұздатқыш бөлікке салыңыз. Қатты мұздатылған тағамды жарамдылық уақыты өтпей тұрып пайдаланыңыз.

## Мұздатылған тағамды жібіту

Түрі мен пайдалану тәсіліне қарай келесі режимдердің бірін таңдаңыз:

- Белме температурасында.
- Тоңазытқыштың ішінде. Желдеткішті/желдеткішсіз электр пешіндегі ыстық ауа.
- Микротолқынды пеште.


## 🗋 ЕСКЕРТПЕ

- Жібі бастаған немесе әлдеқашан жібіп кеткен тағамды қайта мұздатпаңыз. Тағамды қайта дайындамайынша (қайнату немесе қуыру) қайта мұздатуға болмайды.
- Мұздатылған тағамдарды ең көп сақтауға болатын уақытының ұзақ уақыт сақтамаңыз.





## Ішкі бөлшектерді алу







### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Орнатқан кезде тоңазытқыштың сөрелерін дұрыс орындарға қойыңыз, төңкеріп қоймаңыз. Адам жарақат алуы немесе мүлікке нұқсан келуі мүмкін.

### 📖 ЕСКЕРТПЕ

Сөрелерді орындарына қайта салған кезде, бетінде "Front (Алдыңғы)" деген жазуы бар жағын, тоңазытқыштың алдыңғы жағына келтіріп салыңыз.

## Сөрелер / Жиылмалы сөре (опция)



1. Сөрелерді қозғалту үшін екі қолыңызбен ұстап, артқы тіреулерінен босату үшін жоғары көтеріңіз. Содан кейін алға қарай жартылай тартыңыз.
2. Тіреуіштердің арасындағы жерде (а) сөрелердің алдыңғы жағын суретте көрсетілгендей, 45° градустан астам еңкейтеңіз.
3. Мақсатты сөрелердің деңгейін тексеріңіз де, алдыңғы ілмектер мақсатты деңгейдің алдыңғы тіреуіштеріне бекітіндей етіп, сөрелерді алға тартыңыз.


## Тоңазытқышты іске қосу



4. Алдыңғы жағын жоғары тартпас бұрын артқы жағын артқы тіреуіштерге кіргізіңіз.



### ⓘ ЕСКЕРТПЕ

Есікке немесе есік сөрелеріне соғылуға жол бермеу үшін тартпаны алған кезде абай болыңыз.



### ⓘ ЕСКЕРТПЕ


- Сөренің әр тіреуішке теңгерімді орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Сөренің әр ілгегінің дұрыс тіреуішке бекігеніне көз жеткізіңіз.



### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Егер ең үстіңгі сөре салқын ауа шығатын саңылаудың астында орналасса, осы сөредегі тағам қатып қалуы мүмкін. (RB33/36\* үлгілері)

## Есіктің сауыттары




Есіктің сәресін алу үшін екі қолыңызбен еппен жоғары көтеріңіз де, содан кейін алыңыз.


### ⓘ ЕСКЕРТПЕ

- Есіктерді ашып-жапқан кезде, егер есіктің астыңғы сәресіне биік заттар қойылса құлап қалу қаупі бар.
- Ашылған өсімдік майын тоңазытқыш есігінің сәресінде сақтауға болмайды. Себебі өсімдік майы қатып қалады. Қатып қалуына жол бермеу үшін майды салқын жерде сақтаңыз. (Өсімдік майлары: соя майы, зәйтүн майы, күнжіт майы, т. б. майлар)


## БАС АСПАЗ ҚОРАБЫ (Опция)



БАС АСПАЗ ҚОРАБЫНЫҢ алдыңғы тұтқасын ұстаңыз.



Бүйір жақ тұтқаларын ұстап БАС АСПАЗ ҚОРАБЫН алыңыз.




БАС АСПАЗ ҚОРАБЫН төңкеріп, салқындатқыш табақшасын алып тастаңыз.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


- Салқындату табақшасының немесе БАС АСПАЗ ҚОРАБЫНЫҢ бетінде су болса, салқындатқыш тақтай оңай алынбауы мүмкін.
- Жарақаттанып қалмас үшін салқындатқыш табақты күшпен тартып алмаңыз.

## Тоңазытқышты іске қосу



### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

БАС АСПАЗ ҚОРАБЫНЫҢ тұтқасынан ұстамайынша ашпаңыз.




### 📖 ЕСКЕРТПЕ

БАС АСПАЗ ҚОРАБЫНЫҢ қақпағына ешбір зат қоймаңыз.

Есік жабық тұрмауға тиіс.

### БАС АСПАЗ Табасы (Опция)




Бұны сөрениң астына немесе БАС АСПАЗ ҚОРАБЫНА қоюға, сонымен қатар, тұмшашештің ішінде пайдалануға болады.

### ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


- Егер Бас аспаз табасын БАС АСПАЗ ҚОРАБЫНА салсаңыз, мұздап қалуы мүмкін.
- Тұмшашешті пайдаланған кезде үстіңгі науаны алыңыз.
- Бас аспаз табасы микротолқынды пеште пайдалануға арналмаған.
- Қақпақты науаны құлатып алудан абай болыңыз.

## Тартпалар



Суырмаларды толық тартып шығарыңыз да, содан кейін көтеріп, суырмаларды алыңыз.

- Егер тартпалар есікке кептеліп қалса, сөрелерді алғаннан кейін тартпаларды жоғары тартып алыңыз.



Тартпаларды жылжыту үшін тартпаның тұтқасын мықтап ұстаңыз.

### **⚠ АБАЙЛАҢЫЗ**

Тартпаны жылжытып жатып құлатып алсаңыз, жарақат алуыңыз мүмкін.



# Тоңазытқышты іске қосу

## Тоңазытқышты тазалау

### **ЕСКЕРТУ**

- Бензол, сұйылтқыш немесе Clorox™ қолданып тазаламаңыз.
- Бұл құрылғының сыртына нұқсан келтіруі және өрт шығуға себеп болуы мүмкін.

### **АБАЙЛАҢЫЗ**

Тоққа қосылып тұрған тоңазытқышқа су шашпаңыз, себебі электр қатері орын алуы мүмкін. Тоңазытқышты бензол, сұйылтқыш немесе машина тазалағыш құралмен тазаламаңыз, өрт шығу қатері бар.

1. Тоңазытқыштың қуат сымын ағытыңыз.
2. Жұмсақ, түксіз шүберекті немесе қағаз сүлгіні сумен сәл дымқылдаңыз.

### **ЕСКЕРТПЕ**

Тоңазытқышты тазалау үшін ешбір жуғыш затты пайдаланбаңыз, себебі тоңазытқыштың өңі кетуі немесе оған зақым келуі мүмкін.

3. Тоңазытқыштың ішкі және сыртқы жағын, таза және құрғақ болғанша сүртіңіз.
4. Тоңазытқыштың қуат сымын розеткаға жалғаңыз.

## Ішкі бөлшектерді алу

Ішкі немесе сыртқы LED шамы жанып кетсе, шамның қақпағын және LED шамын өзіңіз ағытып алуға әрекет жасамаңыз.

### **ЕСКЕРТПЕ**

Қызмет көрсету техниктеріне хабарласыңыз.



# Есіктің орнын ауыстыру (опция)

Тоңазытқыштың есігін ауыстырар алдында, тоңазытқыштың ашасын суырыңыз. Samsung есіктің ашылатын жағын ауыстыру жұмысын тек Samsung сертификаттаған қызмет көрсету орталығына тапсыруды ұсынады. Бұл қызметтің ақысын тұтынушы төлейді.

## ⓘ ЕСКЕРТПЕ

Есіктің ашылатын жағын ауыстыру барысында орын алған ақау құрылғының өндіруші тарапынан берілген кепілдігіне жатпайды. Осындай жағдайда орын алған кез келген жөндеу жұмыстарының телемақысын құрылғыны пайдаланушы төлейді.

1. Тоңазытқыш есіктерінің ашылатын жағын өзгертуге кіріспей тұрып, тоңазытқыштың электр желісінен ағытылғанын және құрылғыдағы тағамдардың алынғанын тексеріңіз.
2. Егер пайдаланушы осы пайдаланушы нұсқаулығындағы нұсқауларды орындай алатынына сенімді болмаса, аталмыш өзгерістерді жүзеге асырту үшін Samsung білікті қызмет көрсету технигіне хабарласуы керек.
3. Есіктің ашылатын жағын өзгертіп болғаннан кейін тоңазытқышты дереу тоққа қоспаңыз, кем дегенде бір сағат күтіңіз.

## Қажетті құралдар (жинаққа кірмейді және қосымша бөлшек)

Тоңазытқышта түрлі мақсатта пайдалануға арналған бұрандалардың 3 түрі бар. Бұрандалардың орындарын ауыстырып алмау үшін абай болыңыз.

### Жинаққа кірмейді



Phillips бұрағышы (+)



Жалпақ басты бұрағыш (-)



11 мм гайка кілті (топсаның білікшесіне арналған)



8 мм қырлы гайка кілті (болттарға арналған)



5 мм әмбебап гайка кілті (ортаңғы топсаға арналған)

### Қосымша бөлшек



Топсаның қақпағы




Есік тығыздағышының қақпағы

## ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ


Есіктің орнын ауыстырған кезде кішкене бөлшектерді (бұранда, қақпақ және т.с.с.) балалардан алыс ұстаңыз.

# Есіктің орнын ауыстыру (опция)

## Есіктің орнын ауыстыру




1. Есік қақпағының сымын (1) және есіктің қақпағын L (2) алыңыз.



2. Ілгекті итеру үшін топсаның қақпағын төмендегі суреттерде көрсетілген тәрізді алыңыз.






3. Корпусты ажыратыңыз. Содан кейін үстіңгі топсадағы 2 бұранданы алыңыз.

**⚠ АБАЙЛАҢЫЗ**

- Есік ауыр, есікті ағыту барысында жарақат алмау үшін абай болыңыз.
- Жұмыс барысында сымға зақым келтіріп алмау үшін абай болыңыз.




4. Тоңазытқыштың есігін ортаңғы топсадан, есікті абайлап тіке жоғары көтеріп алыңыз.

**⚠ АБАЙЛАҢЫЗ**


